

«Б.Майлин атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №4

Өткізілген күні: 23.12.2022

Қатысқандар: Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушыларды кеңсе керек жарақтарымен және киіммен қамтамасыз ету нәтижелері туралы «Қамқорлық» акциясына қатысу.
2. Аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар жинауды ұйымдастыруға көмектесу.
3. Жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмек. (қар қалашығы)

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Темирбеков Болат 1 жарты жылдық білім сапасы бойынша толық талдай отырып, 1 жарты жылдықтағы атқарылған іс-шаралар және алған орындар жетістіктері бойынша айтып өтті.
2. Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы Хасенов Азамат жаңа жыл мерекесіне орай, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының балаларына көмек беріп олардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етілуі жөнінде сөз қозғады. Тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушыларды кеңсе керек жарақтарымен және киіммен қамтамасыз ету нәтижелері туралы: «Қамқорлық» акциясында Қамқоршылық кеңсе мүшелерімен бірлескен түрде жасалынған акцияда 5 оқушыға оқушы сөмкесі және оқу құралдары табысталды. Өліде кеңес мүшелерімен бірлескен жұмыстар жоспарланғандығы туралы айтып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мағзиева Гулзат жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға арналған іс-шараларды сапалы ұйымдастыру туралы жоспарымен таныстыра отырып, кеңес мүшелеріне өткізілетін іс-шараларға белсенділік танытуды сұрады.

**Шешім:**

1. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына демеушілер арқылы кеңсе тауарлары, сумка, етіктермен, қайырымдылық көмек көрсетілсін.
2. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына сыйлықтар беру, басшылыққа алынсын
3. Ұйымдастырылатын іс-шараларға Қамқоршылық кеңес мүшелері қатыстырылсын

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Хасенов А

Хатшысы:



Б. Қажыбаева